

Тәрбие жұмысының жылдық есебі



Сынып: 11

Сынып жетекшісі: М.Анарметова

2024-2025 оқу жылы

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру
мақсатында 2024-2025 оқу жылында атқарылған
«11» сынып жетекшісінің жылдық жұмыс есебі

Сынып:121

Оқушылар саны:10

Сынып жетекшісі:М.Анарметова

Оқу жылы 2024-2025

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті.



Мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру;

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

2024-2025 оқу жылы мен үшін тәрбие ісінің шын мәніндегі жаңа белесі болды. Бұл жылы мектебімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды ұлықтап, жас ұрпақтың бойына адамгершілік пен парасаттылықты сіңіру жолында ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Тәрбие – жүректен жүрекке жететін ізгілік дәнi десек, сол дәнді әр оқушының жүрегіне еккім келді. Жыл бойы әр іс-шараны, әр кездесуді, әр сынып сағатын баланың жан дүниесіне әсер ететін, жүрегін оятатын тағылым ретінде қабылдадым. Баланың бір қуанышы – менің қуанышым, бір жетістігі – менің жетістігім болды.

Ұстаз ретінде менің басты мұратым – шәкірт жүрегіне жол табу, оларды адалдыққа, еңбекке, отансүйгіштікке, парасатқа жетелеу еді. Және сол жолда сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен бірлесе жұмыс жасай отырып, елеулі нәтижелерге қол жеткіздік деп нық сеніммен айта аламын.

Бұл оқу жылы – тек есеп үшін емес, адам тәрбиесі үшін атқарылған мағыналы еңбек жылы болды.

Ұлт болмысын сақтау – ұрпаққа мұра қалдырудың ең асыл жолы. 2024-2025 оқу жылында ұлттық тәрбие мен рухани-адамгершілік бағытында жүйелі де мазмұнды жұмыстар атқарылды. Әрбір іс-шара шәкірт бойына ұлттық сана, рухани тазалық пен адамдық қадір-қасиетті сіңіруге бағытталды.

Жыл бойы «Күй күмбірі» жобасы аясында әр үзілісте дәстүрлі күйлер орындалып, мектеп іші домбыраның қоңыр үніне толды. Бұл – оқушыны тек тыңдаушы емес, сезінуші, түйсінуші етіп тәрбиелеудің нәзік жолы болды.

ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

)

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Әрбір күндылық оқу процесінде жүйелі түрде іске асырылды. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс шараларды қамтыды.

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

1 қазан – Халықаралық карттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ АЙЫ

5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ **1 қаңтар** – Жаңа жыл

АҚПАҢ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРТЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПІ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

- 2 сәуір** – Халықаралық балалар кітабы күні
- 7 сәуір** – Дүниежүзілік денсаулық күні
- 12 сәуір** – Ғылым күні
- 15 сәуір** – Халықаралық мәдениет күні
- 18 сәуір** – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні
- 23 сәуір** – Ұлттық кітап күні

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ҮНТІМАҚ АЙЫ

- 1 мамыр** – Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр** – Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр** – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні
- 15 мамыр** – Халықаралық отбасы күні
- 18 мамыр** – Халықаралық мұражайлар күні
- 31 мамыр** – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

02.06.2024 ж 1 қыркүйек -Білім күні. «Менің Отаным Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы: «Жедел қызмет номерлері»

09.13.2024ж «Мен және менің отбасым» Қауіпсіздік сабағы: «Іс- шараларда қауіпсіз ортаны сақтау сіздің әрекеттеріңіз»

16.09.24ж «Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы :«Қауіпсіз қаржылық операцияларды жүргізу ережелері. Қаржылық пирамидалардың қауіп»

23.09.24.ж «Еңбегі адал жас өрен» жобасы. «Еңбек түбі береке». Қауіпсіздік сабағы: «Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?» осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттар өткізілді.

Шара тақырыбы: «Менің отаным -Қазақстан»

Күні: 1.09.2024ж

Мақсаты:Туған жерін,Отанын сүйуге,егеменді еліміздің рәміздерін құрметтеуге,туған еліміздің өткен тарихын ұмытпай,еске алып отыруға,елімізді бабаларымыз сияқты қорғай білуге,ата-бабадан дәстүр боп келе жатқан өнеге-салтымызды,ана тілімізді сүйіп,онысактай білуге тәрбиелеу.



Шара тақырыбы: «Адалдық сағаты»

Күні: 09.09.2024ж

Мақсаты: «Өзгелерге қиянат жасамау, адал болу» деген ұғымдарды түсіндіру. Адалдық туралы көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық адамгершілік сезімдерді қалыптастыру



Шара тақырыбы: «Денсаулық-зор байлық» фестивалі

Күні: 18.09.2024ж

Мақсаты: Дене тәрбиесіне деген қызығушылықтарын арттыру. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Бос уақыттарын жаттығу түрлеріне арнауға үйрету. Ұжыммен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.



Шара тақырыбы: «Күзгі жәрмеңке»

Күні: 20.09.2024ж

Мақсаты: Балалардың ой-өрісін кеңейту, дүниенің тұтас бейнесін қалыптастыру. Еркін қарым-қатынасты дамыту. Балалардың жалпыадамзаттық рухани құндылықтар туралы білімі, халық мәдениетінің дәстүрлерімен таныстыру.



Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

30.09.24ж «Қамқор» жобасы. «Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет. Қауіпсіздік сабағы: «Әрекетсіздік пен серіктестік үшін жауапкершілік»

07.10.24ж «Даналық ұстаздан» челленджі. Қауіпсіздік сабағы :«Төтенше жағдайларда әрекет ете білу»

14.10.24.ж«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам». Қауіпсіздік сабағы:«Секталардың ықпалына қалай түспеуге болады?» осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттар өткізілді.

Шара тақырыбы: «1 қазан-Қарттар күні»

Күні: 1.10.2024ж

Мақсаты: оқушыларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру. Оқушыларға еңбекті сүйеге, Отанымыздың білікті де білімді адал азаматы болуға тәрбиелеу.



Шара тақырыбы: «Өзін-өзі басқару күні»

Күні: 02.10.2024ж

Мақсаты: Оқушылардың көшбасшылық, жауапкершілік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту. Мектеп өміріне белсенді қатысуға, өз пікірін ашық айтуға үйрету. Оқушылардың мектепті басқару үдерісіне қатысу арқылы азаматтық ұстанымын қалыптастыру.



Шара тақырыбы: «Ұстаздар мерекесі»

Күні: 04.10.2024ж


Мақсаты: Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету.



Шара тақырыбы: «Даналық бейсенбі»

Күні: 17.10.2024ж

Мақсаты: Оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, даналыққа, ізгілікке, парасаттылыққа тәрбиелеу. Қазақ халқының дана сөздері мен ұлағатты тұлғаларының мұрасын насихаттау. Оқушыларды ойлануға, өз пікірін еркін айтуға, өмірлік құндылықтарды түсінуге баулу. Сөйлеу мәдениетін, шығармашылық қабілетін, талдау дағдыларын дамыту.



Шара тақырыбы: «Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!» тәрбие сағаты

Күні: 21.10.2024ж

Мақсаты: Оқушыларға Қазақстанның тарихын, мәдениетін, табиғатын таныстырып, елге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді қалыптастыру. Оқушылардың бойында мемлекеттік рәміздерге, ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімін ояту. Туған жерді қорғауға және мақтан етуге тәрбиелеу.



Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

4.11.24ж «Еңбегі адал жас өрен» жобасы. «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қауіпсіздік сабағы :«Зорлық -зомбылықтан қорғану: қорғау әдістерін және көмекке жүгіну ережелерін білу»

11.11.24 ж 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «Ұлттық теңге - Тәуелсіздігіміздің нышаны». Қауіпсіздік сабағы:«Адамның жеке шекарасын қорғаудағы негізгі ережелері»

18.11.24ж«Буллингтен қорған!». Қауіпсіздік сабағы :«Жедел қызмет нөмерлері»

25.11.24ж «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет». Қауіпсіздік сабағы: «Іс- шараларда қауіпсіз ортаны сақтау сіздің әрекеттеріңіз» осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттар өткізілді.

Шара тақырыбы: «Ұлттық ойындар» ды ұйымдастыру

Күні: 14.11.2024ж

Мақсаты : Оқушыларға «Қазақтың ұлттық ойындары» туралы мәлімет беру; тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау, грамматикалық ұғымдарды сауатты әрі дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру. Пәнге қызығушылығын арттыру. Қазақтың ұлттық ойындары асық ойнау, қол күрес, тақия тастамақ ойындары арқылы балаларға қазақтың салт – дәстүрі , әдет – гүрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру



Шара тақырыбы: «Күзгі бал» байқауы

Күні: 29.11.2024ж

Мақсаты: Мектебімізде өткізіліп жатқан «Алтын күз» мерекесіне ұйымшылдықпен қатыса отырып, күз-байлық, күз-береке, күз-молшылдық, күз-шаттық, күз-қуаныш екеніні оқушы санасына жеткізу. өздеріне ерік бере отырып, ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа баулу.



02.12.24ж «Қамқор» жобасы «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы. Қауіпсіздік сабағ: «Қауіпсіз қаржылық операцияларды жүргізу ережелері. Қаржылық пирамидалардың қауіп»

09.12.24ж «Буллингтен қорған!». «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі Қауіпсіздік сабағ: «Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?»

23.12.24.ж «Таңғажайып жаңа жыл». Қауіпсіздік сабағы : «Төтенше жағдайларда әрекет ете білу» осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттар өткізілді.

Шара тақырыбы: «Жаңа жыл» мерекесі

Күні: 27.12.2024 ж

Мақсаты: Оқушыларға мерекелік көңіл күй тудыру, көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынас ояту, аудиторияға мерекелік көңіл күй жасау.



Қантар – заң және тәртіп айы;

13.01.25ж «Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!». Қауіпсіздік сабағы :«Секталардың ықпалына қалай түспеуге болады?»

20.01.25ж«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы :«Шынайы достық пен жалған достықты ажырату»

27.01.25ж «Арам мен адал, обал мен сауап – ұлтымыздың ұстанымы» Қауіпсіздік сабағ:«Зорлық -зомбылықтан қорғану: қорғау әдістерін және көмекке жүгіну ережелерін білу» осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттар өткізілді.

Шара тақырыбы: «Буллингтен қорған», «Шынайы достық пен жалған достықты ажырату»

Күні: 20.01.2025

Мақсаты:Оқушыларға буллингтің не екенін түсіндіру және оның түрлерін анықтау. Оқушыларға буллингтің не екенін түсіндіру және оның түрлерін анықтау. Басқа адамдарға құрметпен қарау және сыйластық мәдениетін қалыптастыру. Балалар мен ата-аналарға мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Мұздағы қауіпті жағдайларды болдырмау әдістерін үйрету. Төтенше жағдайларда әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.



Ақпан — жасампаздық және жаңашылдық айы;

03.02.25ж «4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы: «Адамның жеке шекарасын қорғаудағы негізгі ережелері»

10.02.25ж «Буллингтен қорған!». Қауіпсіздік сабағы : «Жедел қызмет номерлері»

17.02.25ж «Имандылық – адамгершілік пен ізгіліктің тірегі». Қауіпсіздік сабағы: «Іс-шараларда қауіпсіз ортаны сақтау сіздің әрекеттеріңіз»

24.02.25ж «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік». Қауіпсіздік сабағы: «Қауіпсіз қаржылық операцияларды жүргізу ережелері. Қаржылық пирамидалардың қауіп» осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттар өткізілді. Жыл соңына арналған сынып ата – аналар жиналысы өткізілді.

Шара тақырыбы: Ата-аналар жиналысы

Күні: 24.02.2025 ж

Мақсаты: Ата-аналар мен ұстаздар арасында қарым-қатынас орнату, бірлесе жұмыстана отырып, балалардың тәртібі мен оқуын қадағалап, олардың өмірде жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.

24 ақпан күні кезекті АПҚО сабағы өтілді. Ата-аналар жиналысыға 11 сыныптан 8 ата ана қатысты. Қазіргі замандағы ең маңызды мәселелердің бірі болғандықтан, ата-аналар балалардың төзімділігін қалыптастыруға және қолдауға бағытталған әдістерді қолдану қажет екенін талқылап өттік.





Наурыз –тәуелсіздік және отаншылдық айы;

03.03.25.ж «Алғыс – ізгі ниет». Қауіпсіздік сабағы :«Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?»

10.03.25ж «Ананың аялы алақаны» челленджі Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына шеберлік сабақ. Қауіпсіздік сабағы :«Әрекетсіздік пен серіктестік үшін жауапкершілік»

17.03.25ж «Наурыз – жыл басы». Қауіпсіздік саба:«Төтенше жағдайларда әрекет ете білу» осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттар өткізілді.

Наурыз айында «Алғыс айту» күніне арналған іс – шараға, «Мейірімділік» тақырыбында сынып сағатын, 8 – наурыз мерекесіне арналған «Аналар асыл жандар» мерекелік бағдарламасында оқушылар белсенді қатысты.

Шара тақырыбы: «Алғыс айту күні»

Күні:03 .03.2025ж

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің жанұяға, ата - анаға, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынастарын дамыту. Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір - бірімен үйлесімді қарым - қатынас жасай білуге үйрету. Елімізде тұрып жатқан әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу, салт - дәстүрін, мәдениетін өзіндік үлгі өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Бейбітшілікте татулықта өмір сүруге тәрбиелеу.



Шара тақырыбы: «8 Наурыз»

Күні: .06.03.2025ж

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің жанұяға, ата - анаға, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынастарын дамыту. Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір - бірімен үйлесімді қарым - қатынас жасай білуге үйрету. Елімізде тұрып жатқан әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу, салт - дәстүрін, мәдениетін өзіндік үлгі өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Бейбітшілікте татулықта өмір сүруге тәрбиелеу.



Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

01.04.25.ж 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні. «Көңілді старттар». Қауіпсіздік сабағы: «Секталардың ықпалына қалай түспеуге болады?»

07.04.25.ж Өмірге салауатты қадам. Қауіпсіздік сабағы: «Шынайы достық пен жалған достықты ажырату»

14.04.25.ж «Буллингтен қорған!». Қауіпсіздік сабағы: «Зорлық -зомбылықтан қорғану: қорғау әдістерін және көмекке жүгіну ережелерін білу»

21.04.25.ж Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы. «Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып. Қауіпсіздік сабағы : «Адамның жеке шекарасын қорғаудағы негізгі ережелері»

28.04.25.ж «Ынтымақ- достық кепілі». Қауіпсіздік сабағы : «Жедел қызмет нөмерлері» осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттар өткізілді.

Шара тақырыбы: «Мейірімділік пен игі істер»

Күні: 18.04.2025ж

Мақсаттар: Өмірлік құндылықтарды таңдауда оқушыларға жағымды әсер ету; - мектептегі еріктілер қозғалысын дамыту; - оқушылардың еріктілікке деген оң көзқарастарын қалыптастыру.



Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

5.05.25 ж «Буллингтен қорған!». Қауіпсіздік сабағы: «Іс- шараларда қауіпсіз ортаны сақтау сіздің әрекеттеріңіз»

12.05.25.ж «Қауіпсіз қоғам». Қауіпсіздік сабағы : «Қауіпсіз қаржылық операцияларды жүргізу ережелері. Қаржылық пирамидалардың қауіп»


19.05.25.ж «Білімім – Отаныма!». Қауіпсіздік сабағы : «Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалай қамтамасыз ету керек?» осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттар өткізілді.

Мамыр айында 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні және 9 – мамыр Жеңіс күніне арналған сынып сағаттарын және барлық іс – шараларға белсене қатысты. Жыл соңына арналған сынып ата – аналар жиналысы өткізілді.

Шара тақырыбы: «Отан қорғаушылар күні», «9 – мамыр Жеңіс күніне»

Күні: 06.05.2025ж

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, Қазақстандықтардың ерлік істерімен, таныстырып, ой өрісін дамыту. Балаларды үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.



Соңғы қоңырау мерекелік іс – шарасында қатысып, үздік оқушылар және олимпиада жеңімпаздарын мадақтау рәсіміне қатысты. Сынып сағаты өтіліп, жазғы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздік туралы түсінік беріп, қол қойылды.

Күні: 23.05.2025ж



Сынып жетекшісі:  М.Анарметова